



## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 қазан N 1473. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.03.11. N 233 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қызметінің тиімділігін арттыру және құрылымын оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі құрылымы 1-қосымшаға сәйкес аппарат қызметкері шекті санының негізінде 139 адам болып бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен. P980288\_

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне үш вице-министрі, сондай-ақ 11 адамдық алқасы болуға рұқсат етілсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен.

P980288\_

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аппараты үшін 7 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен.

P980288\_

5. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарауында қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес, ұйымдар (2-қосымша) бар екендігі назарға алынсын.

6. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 450 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 14,

Р970450\_

104-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 30 қазандағы  
N 1473 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы  
ЕРЕЖЕ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің миссиясы  
әділеттілік пен заңдылықты қамтамасыз ету жолында  
Қазақстан Республикасының халқы мен  
Президентіне қызмет ету

## I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына енетін Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Әділет министрлігі өз қызметін Қазақстан Республикасының

Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеде айқындалған миссия мен басымдықтарға сәйкес жүзеге асырады.

3. Әділет министрлігінің аппаратын ұстауға арналған шығындарды қаржыландыру республикалық бюджетте орталық атқарушы органдарды ұстауға арналып көзделген қаржының, сондай-ақ заңдарда тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен жүзеге асырылады.

4. Министрліктің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының  
Үкіметі бекітеді.

5. Министрлік - орталық аппарат, Әділет министрлігінің жанындағы (министрлігіндегі) ведомстволар, Әділет министрлігінің аумақтық органдарды заңды тұлғалар (мекемелер) болып табылады және банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және мемекеттік және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі болады.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288  
қаулысымен. P 9 8 0 2 8 8 \_

## II. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің басымдықтары

6. Министрлік өз қызметінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиясының мақсаттарын, сондай-ақ өз қызметінің аясындағы мына  
басымдықтарды:

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығының басымдығын, қазақстандық қоғам мен мемлекеттіктің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін ұлттық заңдардың жаңа толқынын қалыптастыруды;

жоғары кәсіби, мәнсіз беделге ие патриоттық көңіл-күйдегі

азаматтардың қатарынан кадрларды іріктеудің негізінде елдің тәуелсіз сот корпусын қалыптастыруды;

дүниежүзілік қоғамдастыққа мемлекетіміздің ұлттық мүдделері мен беделін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының қызметін халықаралық аренада құқықтық қамтамасыз етуді;

заңгерлік қызмет көрсетудің қол жеткізілетін өркениетті рыногын қалыптастыруды;

ел азаматтарының құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеруді басшылыққа алады.

## III. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің

негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

## 1. Міндеттері

### 7. Негізгі міндеттері:

дамудың жалпыұлттық мемлекеттік стратегиясын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

заң жобасы жұмыстарын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу;

нормативтік құқықтық актілерге құқықтық сараптама жүргізу;

соттардың және сот приставтарының қызметін ұйымдастырушылық, кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

азаматтық және шаруашылық даулары жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық істер жөніндегі атқарушылық іс жүргізуді материалдық залалды өтеу бөлігінде қамтамасыз ету, сот-сараптама қызметін ұйымдастыру, әділет органдарының құзыретіне жатқызылған істер бойынша анықтауды жүзеге

асыру, сот приставтарының жұмысын ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын дайындауды және жасауды құқықтық қамтамасыз ету, шетелдік құқықтық көмек ұсынуға байланысты шараларды үйлестіру;

мыналарды:

заңды тұлғаларды;

жылжымайтын мүлікке құқықтар мен олармен мәмілелерді;

бағалы қағаздардың эмиссиясын;

нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

құқықтық көмек пен заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру;

құқықтық насихат пен құқықтық жаппай оқуды

ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету;

заңдармен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288

қаулысымен.

## 2. Функциялары

### 8. Заң жобасы жұмыстарын жүргізу, заңдарды жетілдіру саласында:

заң жобасы жұмыстары, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша және өз бастамашылығы бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің тапсырмасы және өз бастамашылығы бойынша Президенттің Әкімшілігі, Премьер-Министрдің Кеңесі, орталық атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағыныстағы және есеп беретін мемлекеттік органдар әзірлеген Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің заң және нормативтік құқықтық актілердің жобаларына құқықтық сараптама, сондай-ақ Парламент палаталары төрағаларының өтінімі бойынша Парламенттің қарауындағы заң актілерінің жобаларына қосымша құқықтық с а р а п т а м а жү р г і з у ;

заң жобасы, сараптама, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен консультацияларын жүзеге асыру үшін осы мақсатқа бюджеттік және бюджеттен тыс қаражатты пайдалана отырып мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, оның ішінде шетелдің мамандары мен сарапшыларын тарту;

республика Үкіметі мен Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша және өз бастамашылығы бойынша үкіметтің нормативтік құқықтық актілерін ресми т ү с і н д і р у ;

заңдарды құқықтық ақпараттандыру, жүйелеу, нормативтік құқықтық актілердің эталондық банкін жүргізу, республикада құқықтық ақпараттың бірыңғай компьютерлік жүйесін құру;

заң шығару аясындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру; шетелдік құқықтық көмек берумен және құқықтық көмек туралы халықаралық шарттар жасаумен байланысты шараларды үйлестіру.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен. P980288\_

9. Соттардың, сот приставтарының жұмысы мен сот-сараптама қызметін ұйымдастыру саласында:

сот істерін қараудың мерзіміне, соттардың үкімдері мен шешімдерінің атқарылуы жағдайына бақылау жасау;  
сот шешімдерін атқару жөніндегі жұмысқа басшылық;  
республиканың барлық соттарында құқықтық статистика жүргізу жөніндегі жұмысқа басшылық жасау және олардың жұмыстарының нақты көлемін талдау;  
судьялар, мемлекеттік сот сарапшылары, сот приставтары мен сот атқарушыларының кадрларын іріктеу және орналастыру;  
сот жүйесін, сот приставы мен сот-сараптама ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету, соттарды құру тәртібін белгілеу;  
сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және лицензиялау, заңдарда белгіленген тәртіппен сот сарапшыларына лицензия беру;  
сот сараптамасы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру.  
әділет органдарының құзыретіне жатқызылған істер бойынша анықтауды жүзеге асыру, сот приставтарының жұмысын ұйымдастыру және басқару.  
ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен. P980288\_

10. Халықаралық шарттарды құқықтық қамтамасыз ету, шетелдік құқықтық көмектерді үйлестіру саласында:

заңдарда белгіленген өкілеттіктерге сәйкес құқықтық көмек және шетелдік мемлекеттермен құқықтық ынтымақтастық туралы шарттарды дайындау, қол қою және оларды атқаруды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының кепілдігімен жасалған заемдар жөнінде заңгерлік бағалау (Legal opinion);

көрсетілген шарттарға сәйкес шетелдік мемлекеттердің сот тапсырмаларын, өтінімдерін және өтініштерін атқару;

халықаралық шарттар жобаларына құқықтық сараптама.

11. Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру саласында:

заңды тұлғаларды тіркеу және олардың тізілімін жүргізу;  
мәлімделген жарғылық қоры 200 000 ең төменгі есепті көрсеткішке дейінгі акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздары эмиссиясын тіркеу;

барлық мемлекеттік, оның ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін органдардың: Ұлттық Банктің, Орталық сайлау комиссиясының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, мәслихаттардың, азаматтардың құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін қозғайтын не ведомствоаралық сипаты бар нормативтік құқықтық актілерін тіркеу және олардың Мемлекеттік тізілімін жүргізу;

баршаның назарына ұсыну үшін тіркелген нормативтік құқықтық актілердің

тізбесін

жариялау;

жылжымайтын мүлікке құқықтар мен олармен мәмілелерді мемлекеттік тіркеу, Жылжымайтын мүлікке құқықтардың құқықтық кадастрын жүргізу.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288

қаулысымен. P980288\_

12. Құқықтық көмек пен заңгерлік қызмет көрсетулерді ұйымдастыру саласында:

мемлекеттік нотариалдық кеңселердің қызметіне басшылық, жеке нотариаттың дамуына жәрдем көрсету, жеке нотариустардың нотариалдық іс жүргізуді және нотариалдық әрекеттерді жүзеге асыру тәртібін сақтауын бақылайды;

нотариалдық және адвокаттық қызметтерді, ақылы заңгерлік қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді лицензиялау, адвокаттық қызметке байланысты емес ақылы заң қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

мемлекеттік нотариаттың кадрларын іріктеу, аттестациялау және орналастыру, адвокаттар мен нотариустарға лицензиялар беру;

азаматтық хал актілерін жазу органдарының қызметін нормативтік құқықтық, ұйымдастырушылық, кадрлық және қаржылық қамтамасыз ету;

адвокатураға әдістемелік басшылық, орталық атқарушы органдардың заң қызметтерінің қызметін үйлестіру, облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімдерімен өзара іс-қимыл жүргізу;

нотариалдық кеңселер, АХАЖ органдары, адвокатура заңды және жеке тұлғаларға көрсететін заңгерлік қызметтердің сапасына бақылау жасау;

АХАЖ кадрларын аттестациялау, іріктеу және тағайындауға ұсыну, АХАЖ органдарына ұйымдастыру, әдістемелік басшылық, Қазақстан Республикасының азаматтық хал актілерін жазу органдарының қызметінде бірыңғай құқық қолдану практикасын қамтамасыз ету.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен. P980288\_

13. Құқықтық насихаттау және құқықтық жаппай оқыту саласында: құқықтық насихаттауды және құқықтық оқытуды ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық үйлестіру, заңдарды түсіндіруге қатысу;

шарттық негізде эталондық заң актілерін, заңдық ақпараттық және анықтама-әдістемелік материалдарды, оның ішінде құқықтық ақпараттың автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып ұсыну;

баспа қызметін, заң әдебиеттеріне, құқықтық жаппай оқыту

проблемалары жөніндегі әдебиеттерге тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру;

мемлекеттік және орыс тілдерінде заң газеттері мен журналдарын шығару;

мемлекеттік тілді соттарда және аумақтық әділет органдарында енгізу процесіне бақылау мен әдістемелік басшылықты жүзеге асыру.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен.

P980288\_

14. Министрлік заңдарда көзделген өзге де функцияларды, оның ішінде:

Әділет біліктілік алқасының қызметін ұйымдастырушылық-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді;

әділет органдары мен соттар жүйесінің кадрларын даярлауды және қайта даярлауды;

аумақтық әділет органдарын, ведомстволық бағынысты ұйымдарды ұйымдастырушылық, қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді;

республика Үкіметі мен Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша Үкіметтің құқықтық мәселелер жөніндегі мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуді  
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

### 3 . Қ ұ қ ы қ т а р ы

15. Министрлік пен оның органдары өздеріне жүктелген міндеттерге сәйкес, өз құзыретінің шегінде өз функциясын орындай отырып: орталық және жергілікті атқарушы органдардың және ұйымдардың

міндетті атқаруына жататын нормативтік құқықтық актілер шығаруға; өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомствоаралық



үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыруға;

заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан ақпарат пен материалдар сұратуға және алуға;

өзіне берілген мүлікті басқаруды жүзеге асыруға;

лицензиялауды жүзеге асыруға;

ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру, тарату және олардың қызметі мәселелері жөнінде шешім қабылдауға; баспа қызметін жүзеге асыруға құқылы.

16. Министрліктің, оның органдарының және ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының заңдарға сәйкес өзге де құқықтары бола алады.

#### IV. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қызметін ұйымдастыру

17. Министрлік, министрліктің жанындағы (министрліктегі) ведомстволар, оның органдары және ведомстволық бағыныстағы ұйымдары Министрліктің бірыңғай жүйесін (мемлекеттік органды) құрайды.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен. Р 9 8 0 2 8 8 \_

18. Министрлікті Министр басқарады.

Министрді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметінен босатады, Министрдің Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын орынбасарлары - вице-Министрлері болады.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен. Р 9 8 0 2 8 8 \_

19. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жеке жауаптылықта болады.

20. Министр осы мақсатта:

вице-Министрлердің, Парламентпен байланыс жөніндегі хатшының, департаменттер, комитеттер (агенттіктер) басшыларының, Министрліктің басқару қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерінің шеңберін айқындайды;

қызметке тағайындау және босату Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызылған адамдарды қоспағанда, Министрліктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Министрлікті барлық мемлекеттік органдарда және ұйымдарда білдіреді;

Министрліктің қызметін қамтамасыз ететін, құрылымы (құрылымдары) туралы Ережені бекітеді;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

заңдарда белгіленген тәртіппен әскери және арнайы атақтар, сыныптық шендер береді.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен. P980288\_

21. Министрлікте Министрдің, вице-министрлердің, Әділет министрлігінің жанындағы (Әділет министрлігіндегі) ведомство басшыларының, департаменттер, басшыларының құрамында Министрліктің жанындағы консультациялық-кеңесші органы - Министрліктің алқасы құрылады. Алқаның құрамына Министрліктің құрылымдық бөлімдері басшыларының қатарынан өзге де адамдар кіре алады.

Алқаның сандық құрамын Қазақстан Республикасының үкіметі бекітеді. Алқаның жеке құрамы министрдің бұйрығымен бекітіледі.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен. P980288\_

22. Министрліктің алқасы өзінің отырыстарында Министрліктің, оның аумақтық органдарының және ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметінің негізгі мәселелерін қарайды, олардың басшыларының есептерін, сондай-ақ облыстық, аудандық (қалалық) соттар төрағаларының ақпаратын тыңдайды.

Министр пен Министрлік алқасының арасында келіспеушілік болған жағдайда, шешімді, пайда болған келіспеушілік туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндай отырып министр қабылдайды.

23. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдар үшін міндетті шешімдер қабылдайды.

24. Министрлік қабылдаған шешім Министрдің бұйрығымен ресімделеді.

25. Министр болмаған уақытта, оны Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіретін, сондай-ақ өзіне Министр жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асыратын вице-Министр ауыстырады.

26. Министрліктің орталық аппараты Министрліктің қызметін қамтамасыз ететін департаменттер мен құрылымдардан тұрады.

27. Департаментті Министр қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Директор басқарады. Департамент және оның құрылымы туралы ережені Департамент директорының ұсынуы бойынша Министр бекітеді. Заңды тұлға болып табылатын департамент туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

28. Департаменттің директоры Департаменттің жұмысына басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады және Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауаптылықта болады.

29. Министрліктің жанынан (онда) құрылған Агенттік (Комитет)

(бұдан әрі - Агенттік (Комитет), Департамент Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 29-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен.

P980288\_

30. Агенттік (Комитет), Департамент өзінің қызметін Министрліктің құзыретінің және заңдарда өзіне берілген функциялар мен өкілеттіктердің шегінде жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 30-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288 қаулысымен.

P980288\_

31. Агенттік (Комитет), Департамент заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі бола

алады.

ЕСКЕРТУ. 31-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288  
қаулысымен.

P980288\_

32. Агенттіктің (Комитеттің), Департаменттің ережесін, штат саны мен құрылымын Үкімет бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288  
қаулысымен.

P980288\_

33. Агенттікті (Комитетті), Департаменті Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Директоры (Төраға) басқарады. Агенттік (Комитет) директорының (төрағасының) Агенттік (Комитет) директорының (төрағасының) ұсынуы бойынша Министр қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын о р ы н б а с а р ы б о л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 33-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288  
қаулысымен. P980288\_

34. Агенттіктің (Комитеттің), Департаменттің директоры (төрағасы) Агенттіктің (Комитеттің) жұмысына басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады. Агенттікке (Комитетке) жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауаптылықта болады.

ЕСКЕРТУ. 34-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288  
қаулысымен. P980288\_

35. Агенттіктің (Комитеттің), Департаменттің директоры (төрағасы):  
өзінің орынбасары мен Агенттіктің (Комитеттің), Департаменттің

құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауаптылық  
дәрежесін айқындайды;

Агенттіктің (Комитеттің), Департаменттің қызметкерлерін қызметке  
тағайындайды және босатады;

тәртіптік жаза қолданады;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

Агенттіктің (Комитеттің) құрылымдық бөлімшелері мен оның  
аумақтық органдары туралы ережені бекітеді;

өз құзыретінің шегінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес  
Агенттікті (Комитетті) мемлекеттік органдарда және ұйымдарда  
білдіреді;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер жөнінде шешім  
қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 35-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288  
қаулысымен.

P980288\_

36. Министрліктің қызметін ұйымдастырудың өзге де мәселелері,  
лауазымды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері, оның қызметін  
қамтамасыз ететін органдар мен құрылымдардың құзыреттері мен құқық  
күші Министрліктің жұмыс регламентімен, Министр бекітетін,  
Министрліктің қызметін қамтамасыз ететін департамент, құрылымдар  
туралы ережелермен белгіленеді.

ЕСКЕРТУ. 36-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288  
қаулысымен.

P980288\_

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 30 қазандағы  
N 1473 қаулысына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
құрылымы

Басшылық  
Заңдар және халықаралық құқық департаменті  
Соттардың, сот приставтарының қызметін ұйымдастыру және  
атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету департаменті

Заңгерлік қызмет көрсетулерді ұйымдастыру департаменті  
Қаржы және ресурстық қамтамасыз ету департаменті  
Ішкі әкімшілік департаменті  
Жылжымайтын мүлік пен заңды тұлғаларды тіркеу  
жөніндегі агенттік (заңды тұлға құқығында)  
Тергеу департаменті (заңды тұлға құқығында)

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288  
қаулысымен.

P980288\_

Үкіметінің  
1997 жылғы 30 қазандағы  
N 1473 қаулысына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің  
қарауындағы ұйымдардың  
ТІЗБЕСІ

"Сот-сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесі  
Заң шығару институты

Республикалық құқықтық ақпарат орталығы  
Ұлттық заң агенттігі  
"Жеті жарғы" жабық акционерлік қоғамы

"Заң газеті - Юридическая газета" ашық акционерлік қоғамы  
"Судьялар мен әділет қызметкерлерін даярлау және  
біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орталығы" республикалық  
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны  
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің шаруашылық  
басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу  
құқығындағы)

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288  
қаулысымен.

P980288\_

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.12.29. N 1348  
қаулысымен.

P981348\_

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.03.23. N 288  
қаулысымен.

P990288\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК